

Вход

или

Присоединиться



Салтанат Тинистанова

34 мин. · 🌐

ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ -СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Амангелдинова А.Ж., Доспай Д.Ж.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 6804201-«Құқықтану», 2 курс, Талдықорған қаласы,

e-mail: amangeldinovaadelya05@mail.ru; ddospaj@gmail.com

Ғылыми жетекші: Тинистанова С.С., тарих ғылымдарының кандидаты, құқық саласы бойынша білім беру бағдарламасының оқытушы- дәріскері

Академиялық адалдық деген – барлық ізденіс жұмыстарын (ғылыми жобалар, дипломдық қорғау жұмыстары, магистрлік, докторлық диссертациялар) қорғау, орындау, емтихан сұрақтарына жауап беруде, аралық бақылау қорытындысын шығаруда студенттердің адалдығын білдіретін әрекеттер мен қағидалардың жиынтығы.

Ең бірінші басшылыққа алынатын ұстаным, бұл – парасаттылықпен, ашықтықпен, адалдықпен, басқаның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қараумен, жауапкершілікпен, т.б. құндылықтармен тікелей байланысты.

Адамның бойындағы кісілік қасиет ол парасаттылық деп танылады. Адамның адами қасиеттері мінез-құлық ұстанымдарынан көрінеді. Біздің қарастырып отырған жағдайымызда студенттердің де, оларға білім беретін оқытушылардың да өз ісіне адалдығынан көрінеді, бірі дұрыс білім беру, студенттермен қарым-қатынастағы мәдениеттілік, жанашырлық, екінші жағы сабақты дұрыс оқу, берілген тапсырмаларды тиянақты орындау, басқаның көмегіне жүгінбеу, адал орындау.

Адалдық – адамның ниетімен байланысты, жоғары қасиеті, ар-ұяты, санасына қарама – қайшы келмейтін әрекеттердің топтамасы.

Ашықтық – сенімділік, қауіпсіздік тудыратын және жеке тұлғаларды жағымды жақтарынан көрсететін әлеуметтік құндылық. Екі тараптың арасындағы пікірлер, көзқарастар шынайы, өзара сенімде жүзеге асырылуын қалайды.

Оқытушы мен білімгердің арасында ой алмасу бүкпелісіз, шынайы, өзара сенімде болуы қажет.

Басқаның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарау – студенттердің өз ізденістерін, пікірлерін бүкпелісіз, ашық білдіре алуы, басқаның идеясын сыйлау, ойына кедергі жасамау.

Теңдік - білім алушының академиялық адалдық ережелерін сақтау міндеті және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілік. Академиялық адалдық саясатында білім алушының міндеттері, оған қоса, құқықтары да қарастырылған. Мәселен, оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге, сонымен бірге оқу процесіне басқа қатысушылардың пікірлерін құрметтеуге, адалдық саясатын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен негізсіз айыптаудан қорғауға және дәлелдемелер беруге құқығы қарастырылған.

Шындық - кез келген жағдайда алдауды, өтірік айтуды және құжаттарды бұрмалауды болдырмау. Сенімді ақпарат көздерін пайдалану, өз қолымен орындалған жұмысты басқа білім алушыларға бермеу, тапсырмалардың барлық түрлерін өз бетінше орындау, тесттерге, жаттығулар мен тапсырмаларға дайын жауаптарды, дайын жазбаша жұмыстарды (эсселер, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар) пайдаланбау, емтихандарда алдау парақтарын, электрондық ақпарат және байланыс құралдарын және басқа да көмекші құралдарды пайдаланбау;

Сенімділік - шындыққа сәйкес ақпарат беру, фактілерге, эмпирикалық мәліметтерге және объективті пайымдауларға негізделген ғылыми тұжырымдарды шығару. Бағаланатын жұмыстардың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсетіңіз;

Объективтілік - объективті деректер негізінде біржақты және субъективті көзқарассыз шешім қабылдау. Яғни, авторды, шығарманың атауын және бетін көрсете отырып, біреудің сөйлеуі мен ойын (түсіндірмелерін) берудің дәстүрлі тәсілдерін қолдану, дайын жауаптары мен жұмыстарын басқа білім алушыларға бермеуге және оқытудың адалдығы мен адалдығына күмән келтіретін және басқа білім алушылардың түпкілікті нәтижелеріне нұқсан келтіретін мінез-құлыққа жол бермеу.

Оқу орнындағы академиялық адалдық саясаты студенттермен қоса, профессорлық-оқытушылық құрамға жүктелетін міндеттер мен оларға берілген құқықтарды да қамтиды.

Бұл үрдіс университеттегі қатысушылардың жауаптылығын арттыруды мақсат етеді және талаптар бұзылған кезде олардың салдарлары болатындығын, жауаптылықты ескертеді.

Плагиатқа жол беру, ұқсастығына қарамай алу, қайталауға жол беру, жалғандық жасау, жасыру, өзара сөз байласу әрекеттері жасалған жағдайда академиялық адалдық саясаты бұзылды деп есептелінеді.

Плагиат (лат. plagiо — ұрлау, ұрлық) — басқа автордың әдеби немесе ғылыми туындысын иемдену, шығарма үзінділерін өз еңбегінде авторын көрсетпей пайдалану. Плагиаттық әрекеттер жасап, басқа автордың шығармасына иелік етіп, шығарма иесінің еңбегін заңсыз пайдалану заңмен қудаланады.

Академиялық адалдық саясатының талаптарында көшіру деп танылады:

- Емтихан тапсырмаларына қажетті деректерге заңсыз жолмен қол жеткізсе;

- Пайдалануға рұқсат етілмеген құралдардан көшіруді жүзеге асыру;

- Басқа студенттің жұмысын алып , орнына қойса;

- Емтихан уақыты белгіленген уақыттан тыс жұмыс жасаса;

Жалғандыққа төн әрекеттер:

- Басқа адамның жұмысын өз еңбегі ретінде ұсыну;

- Емтихан уақыты белгіленген уақыттан тыс жұмыс жасаса;

Жалғандыққа төн әрекеттер:

- Басқа адамның жұмысын өз еңбегі ретінде ұсыну;

- Денсаулығына, мүгедектігіне байланысты жалған құжаттар ұсыну.

Сөз байласу - басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау.

Егер плагиатқа жол берсе, онда ағымдағы бақылауға жіберілмесе, жазық сессияға қалатындығы, егер қорытынды аттестациялауға жіберілмесе курсты қайтадан оқуға тура келеді.

Университте ректордың бұйрығымен құрылған Әдеп жөніндегі Кеңес бар, жүйелі түрде бұзылатын тәртіп бұзушылықтар акт жасалып, сол кеңесте қаралуға жатады.

Жасыру әрекетін жүзеге асырса:

- қайтадан тапсыруға мүмкіндік берілмейді;

- берілген анықтамаларды жарамсыз етеді.

Егер білім алушы осындай әрекеттерді ағымдағы немесе қорытынды бақылау кезінде жүзеге асыратын болса, акт жасалады, әрі куратордың қатысуымен әңгімелесу өткізіліп, барлық дәлелдер деканға беріледі. Егер ол осы әрекетті бірнеше рет қайталаса, акт жасалып, университеттің Әдеп жөніндегі кеесіне қаралуға берілетіндігі қарастырылған.

Талаптарды бұзған жағдайда өз құзіреті шегінде Әдеп жөніндегі Кеңес бірқатар шараларды жүзеге асыра алады:

-Ұсынылған жұмыс үшін бағаны төмендету;

-Жұмыстың күшін жою;

-Пәнді қайта өту;

-Ауызша ескерту жариялау;

-Білім алушының жеке ісіне енгізілетін жазбаша сөгіс жариялау; ата аналарына хабарлау;

-Университеттен шығару, т.б.

Әдеп жөніндегі кеңестің құрамы: университет әкімшілігінен, жоғары мектеп декандарынан, топтардың кураторлары мен белсенді студенттерден, оқытушылардан құралады.

Қорыта келгенде, біз жоғары оқу орнында білім алатын студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда орын алатын университеттің академиялық саясаты мен оның талаптары, қолданылатын шаралар туралы қарастыра келіп, академиялық адалдық талаптарын сақтау жастарды тәртіпке, заңды сыйлауға, заңдылық қағидаттарын басшылыққа алуға, жауаптылыққа тәрбиелейді деген сенімдіміз және басқа оқу орындарында білім алатын студенттерге эстафета ретінде ұсынамыз, насихаттауды жалғастырса деген ойдамыз.